

«БЕКІТЕМІН»

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ



Жұмабек

М. ЖУМАГАЗИЕВА

ОРАЛ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«50 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
СТАНДАРТЫ

**Орал қаласы білім беру бөлімінің
«50 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

1. Жалпы ереже

1. Осы Орал қаласы білім беру бөлімінің «50 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі бекіткен Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші Орал қаласы білім беру болімінің «50 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласына арналған ұсынымдар жүйесін орнатуга бағытталған.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың накты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлық коріністерін уакытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

1) занұлдылық;

2) ашықтық;

3) әдептілік;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін сактау және оларды сыйбайлас жемқорлық коріністерінен қорғау;

5) мұдделер кактығысын болдырмау болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жемқорлыққа қарсы мінез-құлқыты сактауга және сыйбайлас жемқорлық коріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдарға арналған ұсынымдарды аныктайды.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу козкарасы тұргысынан:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт камтитын салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру;

2) өз күзыреті шегінде басқарушылық және озге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобасын дайындау;

4) тиесті тіршілік әрекеті саласының ерекшелігіне байланысты озге де қоғамдық маңызы бар қарым-қатынас кезінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер алынған.

2. Қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-әрекеттері) стандарттары (ұсынымдары)

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт қамтитын тиесті салада жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен зандарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа де тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;

3) жеке тұлғалармен, занды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, копшілік макұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сактау, сыйайылық және биязылық таныту;

4) жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін қозғайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;

5) оз әрекетімен және мінез-құлыммен қоғам тарапынан сынға үшірауға, сынның артына түсепеуге жол бермеу, оз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарту үшін конструктивті сынды колдану;

6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, үйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;

8) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылыштар мен өзге де заң бұзушылыктар жасауга жол бермеу;

9) мемлекеттік органда еңбек заннамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заннаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сактауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.

9. Мемлекеттік қызметті және басқа да рұкаст беру қызметтерін көрсету кезінде:

1) тұракты негізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

2) колжетімді түрде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы ақпарат ұсыну;

3) қарастырылмаған құжаттарды сұратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұксат беру функцияларын көрсету барысында әртүрлі әуре-сарсаннаң (салғырттықтан) аулак болу;

4) сыйайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықка итермелегенде басшылыққа жеткізу;

5) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұнемлілік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін ұнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тен мүмкіндіктер ұсыну;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

4) сыйайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу;

5) аткарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізіліміне қосылған әлеуетті жеткізуші үшін (немесе) оларға тартылатын косалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

11. Өз күзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мұдделер кактығысының, жеке бас мұддесінің туындағаны туралы, сыйайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелегенде туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;

2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, үйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мұліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайдалана отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыйайлас жемқорлыққа карсы тұруға, сыйайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік таныту;

5) сыйайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды карауды жылдамдатканы үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сарсанға салғаны туралы басшылыққа жеткізу;

6) атқару үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлау;

7) егер мұдделер кактығысына тікелей басшының өзі қатысты болса, жогары тұрган басшыға жүгіну;

8) табуға байланысты көсіпкерлік және озге де әрекеттерді іске асыруда біреуге комектесуден бас тарту.

12. Нормативтік құқықтық актілерді дайындау кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобасын дайындау мен талқылауда қоғамның, бүкіл акпараттық күралдардың міндетті түрде катысуын қамтамасыз ету;

2) ұйымның құрылымдық бөлімшелерімен тұракты негізде құқықтық актілер мониторингі мен тиісті есептер дайындауды үйлестіруді қамтамасыз ету;

3) әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісуге жіберуге дейін көпшілікпен талқылау үшін ашық нормативтік құқықтық актілерді интернет-порталға орналастыру;

4) сыйбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормативтік құқықтық актілер нормаларын пайдаланбау.

13. Қызметшілерін/жұмыскерлерін таңдау мен орналастыру бойынша кадр жұмысын ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімін сактау;

2) ұйымға қызметке/жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізі міндеттерді, тығымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу барысында Қазақстан Республикасы заннамасының талаптарын сактау;

5) қызметке/жұмысқа үміткерден еңбек шартын жасауга катысы жок құжаттарды талап етпеу;

6) жұмыскерлеріне қатысты қызметтік тексеруді әділ және жан-жақты жүргізу.

14. Тіршілік әрекеті саласына байланысты пайда болған басқа да өзара қатынас барысында:

1) бағынышты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен қызметтік өкілеттігінің колемін нақты және анық белгілеу;

2) бағыныштағы лауазымды тұлғалардың арасындағы еңбек жүктемесін біркелкі болмеуге жол бермеу;

3) олардың әрекеттерінің нәтижelerін бағалау барысында, сондай-ақ мадақтау және жаза қолдану кезінде шындық және әділдік таныту,

4) бағынышты жұмыскерді орынсыз айынтауға, дөрекілік факторларына, адамның ар-намысына тилюіне, жөнсіздікке, дорекі мінез-құлыққа жол бермеу;

5) олардың лауазымдық міндеттерінен тыс немесе орындалмайтын, сондай-ақ заңға қайшы тапсырма бермеу;

6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында бағыныштылардың әрекеттеріне әсер ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

7) бағыныштыларды сыйбайлас жемқорлық зан бұзушылық жасауга итермелемеу;

8) оз лауазымдық міндеттерін орындау барысында әріншестерде туындаған мүдделер кактығысын реттеу бойынша түбекейлі шарапарды оз уақытында қабылдау;

9) мұліктің сақталуын, қамтамасыз ету, автокөлік күралдарын қоса алғанда, мұлікті қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану.